

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «__» _____
№ __ бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары**

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары		
		орта жас тобы (3 жастан бастап)	ересек жас тобы (4жастан бастап)	мектепалды даярлық тобы/сыныбы (5 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-	аптасына екі рет
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Музыка ****	күн сайын	күн сайын	күн сайын

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына,

отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.